



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Маңызды келісімдер жасалды


Қазақстанның төрағалығымен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ұлттық үйлестірушілер кеңесінің отырысы өтті.

Іс-шара барысында қатысушылар Қазақстанның бастамасымен ұйымды одан әрі нығайту және дамыту, сондай-ақ ынтымақтастықты тәжірибелік шаралармен толықтыру жөніндегі ұсыныс-

йынша мәселелерге басты назар аударылды.

2024 жылы Астанада өткен ШЫҰ саммитінде қол қоюға жоспарланған қжаттардың жобаларына, оның ішінде Мемлекет басшысы айтқан «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» ШЫҰ бастамасына келісу жұмыстары жүргізілді. ШЫҰ-ның қазіргі кезеңдегі қызметін

жақты өзара іс-қимыл мүддесінде ШЫҰ-ны жетілдіру мәселесі бойынша объективті және өзара қолайлы шешімдерді әзірлеуде мүше мемлекеттердің сындарлы көзқарасын атап өтті. Ұлттық үйлестірушілер Ұйымының қазіргі қызметі мәселелерін, соның ішінде ШЫҰ-ның 2024 жылға арналған негізгі іс-шаралар жоспарын да талқылады.



тарды қарады.

Қазақстанда өтетін ШЫҰ негізгі органдары – Мемлекет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырыстарын, сондай-ақ Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының кездесулерін сапалы дайындау бо-

жетілдіру мәселесі бойынша тиісті шаралар мен ұсыныстар қаралды.

Ұлттық үйлестіруші, СИМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі Мұрат Мұқышев атқарылып жатқан жұмыстың маңызын, сондай-ақ тиімді практикалық көп-

Отырыс дәстүрлі түрде жылы шырайлы достық ахуалда өтті. Тараптар бірлескен жұмыстың нәтижелілігін, Қазақстанның ұйымға төрағалық етуінің басымдықтары мен жоспарларын іске асыруға бағытталғанын атап көрсетті.



## Жолдар құрылысын сапалы аяқтау қажет

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың «CITIC Construction» компаниясының бірінші вице-президенті Ян Цзяньцянмен кездесуі барысында «Талдықорған – Өскемен» және «Қарағанды – Балқаш» республикалық автожолдарын күрделі жөндеу мәселелері талқыланды.

Үкімет басшысы аталған ірі жобалардың уақтылы аяқталуын және сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

«Келесі маусымдағы жұмыстар үшін жол-құрылыс материалдарын, оның ішінде қиыршық тас пен битумды алдын ала дайындау қажет. Қосалқы мердігерлік ұйымдар да осындай жұмыс жүргізуге тиіс», деді Ә.Смайы-

лов.

Сонымен қатар Премьер-министр жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жолдарды қыста күтіп ұстау жұмыстарын бақылауға алу қажеттігіне де тоқталды.

Кездесу барысында «CITIC Construction» компаниясының Қазақстан аумағындағы басқа да автожол жобаларына қатысу мүмкіндіктері, сондай-ақ компанияның өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларындағы инвестициялық жобаларды іске қосу бастамалары талқыланды.

Орталық мемлекеттік органдар тарапынан тиісті жобаларды пысықтауда қажетті қолдау көрсетілетіні аталып өтті.

## Қазақстан-АҚШ: бірлескен мәлімдеме

Қазақстан мен АҚШ-тың ресми өкілдері Метан бойынша жаһандық міндеттемені орындау үшін метан шығарындыларын азайту жөніндегі шараларды жеделдету туралы бірлескен мәлімдеме жасады.

Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық экологиялық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі Зулфия Сүлейменова мен АҚШ Президентінің Климат жөніндегі арнаулы өкілі Джон Керри екі ел арасындағы табысты әріптестіктің 30 жылдан астам тәжірибесіне сүйеніп, сондай-ақ Қазақстан мен АҚШ арасындағы Кеңейтілген стратегиялық әріптестіктің 5 жылдығын атап өтіп, метанмен күрес саласындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, төмендегідей мәлімдеме жасады.

Біздің елдеріміздің жасыл, қауіпсіз және жақсы әлем құрудағы негізгі рөлін мойындай отырып, Жылынды Целсия шкаласы бойынша 1,5 градусқа дейін шектеу үшін 2030 жылға дейін метан шығарындыларын тез азайтудың маңыздылығын атап өту; Метан шығарындыларын азайту үшін қазба энергетикасы секторының маңызды әлеуетін және осы сектордағы шығарындыларды тез азайту қажеттілігін мойындай отырып; Жаһандық метан шығарындыларын азайту бойынша ұжымдық күш-жігерді ілгерілетудегі ерікті әрекеттердің маңыздылығын түсіну; Жаһандық әрекеттерді жұмылдыру және тиімді екіжақты іс-

қимылдар арқылы метан шығарындыларын азайту жөніндегі қолданыстағы халықаралық бастамаларға қолдауды күшейту мақсатында; Міндеттемені іске асыруды қолдауға көмек көрсету жөніндегі жеке сектордың, даму банкілерінің, қаржы институттарының және халықаралық агенттіктердің шешуші қатысуын мойындай отырып, Қазақстан Метан бойынша жаһандық міндеттемеге қосылуда.

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары метан шығарындыларын, әсіресе қазба энергия көздері секторында жылдам азайту жөніндегі саясат пен жобаларды әзірлеу мен іске асыруды жеделдетуге өздерінің өзара дайындығын мәлімдейді.

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары алдағы екі жылда метан шығарындыларын азайту саласындағы Қазақстанның басымдықтарын қолдау үшін мынадай күш-жігер жұмсамақшы:

Көмір шахталарында метан шығарындыларын азайту бойынша озық тәжірибені енгізу туралы ынтымақтастық, соның ішінде көмір қабаттарын газсыздандыру, желдету ауасының метанын жою, болмаса атмосфераға шығарылатын шахта метанын ұстау және кәдеге жарату.

Мұнай-газ секторында метанның ағып кетуін тұрақты және кешенді анықтау мен жоюды енгізу және әдеттегі желдетуді жою бойынша ынтымақтастық, оның ішінде метан шығарындыларын бақылау және азайту

үшін спутниктік және басқа технологияларды пайдалануды қолдау, суперэмиттерлердің алдын алуға және жылдам әрекет етуге, соның ішінде халықаралық метан шығарындылары обсерваториясының ескерту және мөтанға жауап беру жүйесіне белсенді қатысу арқылы ерекше назар аударды.

«ҚазМұнайГаз» бен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында ағып кетулерді тұрақты анықтау мен жоюды енгізуді қолдау.

Газды тасымалдау, тарату және сақтау жүйесіндегі ағып кетулер мен төгінділерді анықтау, жою және алдын алу бойынша озық тәжірибелермен алмасуды қолдау және жобаларды әзірлеуді ынталандыру.

Ел аумағында метан деңгейін өлшеу және төмендету бойынша озық тәжірибені енгізу мақсатында Қазақстанның мұнай-газ объектілерінде метанның ағып кетуін және желдетілуін бақылау жөніндегі қанатқақты жобаларды ілгерілету.

Метанның апаттық емес желдетілуін жою үшін ұлттық стандарттарды әзірлеу және мұнай-газ секторындағы ағып кетулерді 2030 жылға дейін мүмкіндігінше тезірек анықтау және жою талаптары.

Климат және таза ауа коалициясының қолдауының арқасында әртүрлі сектордағы ұлттық метан инвентаризациясын жақсартуды қолдау.

Метан деңгейін төмендету технологияларын көрсету және жобаларды

дамыту мүмкіндіктерін анықтау үшін 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында салалық деңгелек үстелді шақыру арқылы жеке сектордың дамуын және метан деңгейін төмендету жобаларына инвестицияларды ынталандыру.

Қажет болған жағдайда метан деңгейін төмендету жөніндегі жобаларды қаржыландыру, оның ішінде АҚШ-тың Экспорттық-импорттық банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы, Дүниежүзілік банк және басқа да ұйымдар арқылы қаржы көздерін анықтау және қолдау.

Америка Құрама Штаттары серіктестермен Қазақстанның мұнай-газ секторындағы метан шығарындыларын азайтудың толық әлеуетіне қол жеткізуді қолдау үшін инвестицияларды жұмылдыру бойынша жұмыс істеуге ниетті. Бұл Халықаралық энергетикалық агенттіктің бағалауы бойынша 2030 жылға дейін жалпы шығыстар кемінде 1,4 миллиард долларды талап етеді және әртүрлі сектордағы метан шығарындыларын азайтудың қосымша мүмкіндіктеріне инвестицияларды ынталандырады.

Бұл бірлескен мәлімдеме біз метан шығарындыларына қатысты шұғыл мәселені шешуге бейілді екенімізді растаймыз. Аталған басымдықтар бойынша бірлесіп жұмыс істей отырып, біз планетамыз бен болашақ ұрпақтарымыз үшін орнықты келешекті құруға тырысамыз.

«Созақ үні»-ақпарат.





## САРЫЖАЗ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ КІШІ ФУТБОЛ АЛАҢШАСЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Қаратау ауылдық округіне қарасты Сарыжаз елді мекенінен тұрғындар сұранысына орай «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қаржыландыруымен салынған кіші футбол алаңы ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтау сөз сөйлеп, биылғы жылы аудан аумағында спорт саласы бойынша атқарылған жұмыстар мен осы саланы дамытуға бағытталған жоспарларымен бөлісті.

Шараға арнайы қатысқан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Альфия Дәулетқалиқызы мен «Жігерлі ел» қоғамдық бірлестігінің үйлестірушісі Гүлнар Ниязоваға арнайы алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті.

- Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа ба-

лаған. Спорттың бұқаралық сипатын дамыту-мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Бұған дәлел ретінде бүгін міне, сіздердің сұраныстарыңызға орай «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қаржыландыруымен салынған кіші футбол алаңын ашып отырмыз. Бұған қосымша аудан орталығынан биылғы жылы басталған 200 орындық заман талабына сай жабдықталған спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы жалғасуда. Сондай-ақ, Созақ ауылынан бой көтерген 1030 орындық Стадион мен Қаратау ауылындағы жабық үлгідегі кіші футбол алаңдарының құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, аудан орталығындағы Спатаев және Абуов көшелерінің бойынан кіші футбол алаңдары мен балалар ойын алаңшасы ашылды. Қазіргі күні Шу ауылындағы баскетбол алаңы мен аудан орталығындағы

Жібек-жолы-2 көшесінің төменгі тұсынан салынып жатқан кіші футбол алаңының құрылыстары жалғасуда. Біз мұнымен шектелмейміз. Алдағы уақытта да аудан жастарын жеке тұлға етіп қалыптастырып, еңбекқорлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеп, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобалар назардан тыс қалмайды,- деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Альфия Дәулетқалиқызы барша тұрғын-

дарды жаңа ойын алаңының ашылуымен құттықтады. Сондай-ақ, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарған жұмыстарына жан-жақты тоқталып өтті. Ел игілігіне ұсынылған спорттық алаңда өскін ұрпақ салауатты өмір салтын ұстанып, тәнін шынықтыратын орынға айналатынына өз сенімін білдірді.

Гір спортынан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мұрат Серікбаев ізгі тілегін арнады. Ауыл қариясы Қарманов Сейтмұрат игі іске арқау болған барша азаматтарға алғыс айтып, ақ батасын арнады.

Шараға ауыл тұрғындары және бірқатар қоғамдық бірлестік пен БАҚ өкілдері қатысты. Шара соңы кіші футболдан жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған турнирмен жалғасты.

## «СОЗАҚ ТАЛАНТТАРЫ- 2023» ХАЛЫҚ ӨНЕР БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Түркістан облысының 5 жылдығы мен ауданымыздың 95 жылдық мерекесі аясында ұлттық мұрамызды ұлықтап, төл мәдениетімізді жаңғыртуға бағытталған «Созақ таланттары - 2023» халық өнер байқауы қорытындыланып, байқау жеңімпаздары марапатталды. Аудан өнерпаздары Гала-концерт ұйымдастырып, кеш шымылдығы Қыземшек кенті өнер ұжымының «Домбыра дастан» ансамблінің орындауындағы Құрманғазының «Адай» күйімен түріліп, «Созақ Таланттары - 2023» халық өнер байқауының басталған сәтінен бастап, қорытынды кезеңге дейінгі өткізілген шараларды қамтыған бейнеро-



лик көрсетілді.

Салтанатты шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, ізгі тілегін арнады.

-Аудан көлемінде бастау алған «Созақ таланттары - 2023» халық өнер байқауының қорытынды кезеңіне де келіп жеттік. Ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығына негізделген байқауда Созақ сахарасының сайын даласына дейін күмбірлете күй төгіп, әуелете ән салған жергілікті сазгерлердің дәстүрлі әндері орындалды. Қолөнершілер жәрмеңкесі мен түрлі бағыттағы көрмелер ұйымдастырылып, ұлттық дәстүріміз ұлықталды. Осындай игі бастамалар арқылы рухани құндылықтарды нығайтуда мол табыстарға жететініміз сөзсіз. Тәуелсіз еліміздің тұғыры мәңгілік болып, бірлігіміз арта берсін,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы «Созақ таланттары -2023» халық өнер байқауында 10 жанр бойынша өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған көркемөнерпаздар ұжымына және байқаудың жоғары деңгейде өтуіне белсене атсалысқан өнерпаздар мен ауылдық округтердің өнер ұжымдарын арнайы марапаттап, сыйсияпат табыс етті.

Сонымен қатар, белгілі журналист, бірнеше проза және поэзия кітаптарының авторы, «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мақсат Қарғабайға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі және аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайы директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты Айдос Бағдатұлына «Жаңа Қазақстан» Республикалық қоғамдық бірлестігінің «ҚР Мәдениет және өнер саласының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Құмкент ауылдық округінің көркемөнерпаздары, жүлделі I –ші орынды Қыземшек кентінің көркемөнерпаздар ұжымы, II – ші орынды Қарақұр ауылдық округінің көркемөнерпаздары, III – ші орынды Таукент кентінің көркемөнерпаздар ұжымы, «Теріскей келбеті» арнайы жүлдесін Созақ ауылдық округінің көркемөнерпаздар ұжымы, «Дала әуендері» арнайы жүлдесін Сызған ауылдық округінің көркемөнерпаздар ұжымы иеленді.

Шара соңы аудан өнерпаздары дайындаған Гала-концертке ұласты. Өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салып, шараға жиналған жұртшылық мәдениет үйінің фойесінде ауданның қолөнер шеберлері дайындаған көрмені тамашалап, ерекше әсерге бөленді.

Айта кету керек, байқаудың мақсаты ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарда халыққа мәдени қызмет көрсету шараларын жақсарту, жұмыс сапасын арттыру, халық шығармашылығын дамыту мен көркемөнерпаздар ұжымдарының өнерлерін жетілдіру. Сондай-ақ халық әні, терме, қазақтың қара домбырасынан төгілген күй өнерін, жанялық ансамбль, көркемөнер оқу, эстрадалық ән орындаушыларды, қолөнер және қылқалам шеберлерін тауып, оларды халыққа таныстырып, таланттарға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

## ЖАЙДАРМАН САЙЫСЫ ӨТТІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ ауданының 95 жылдығына орай аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Созақ ауданы әкімінің кубогы үшін «Созақ КАП» облыстық жайдарман ойыны өтті.

Шараның басты мақсаты - жастар саясатын тиімді жүзеге асырып, жастардың бойында рухани адамгершілік, өнерге деген шығармашылық ізденістерін дамытып, дарынды жастарға қолдау көрсету.

Тартысты өткен сайысқа 9 команда қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Жайдарман ойынында Таукент кентінің әкімі, ардагер жайдарманшы, қазылар алқасының төрағасы Серік Маманов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Ернар Нұралыұлы, қазіргі таңда қоғам белсендісі, блогер Олжас Мамыр, аудандық білім бөлімінің маманы, ардагер жайдарманшы Ерік Досболов, «Жастар рухы» жастар қанаты Созақ аудандық филиалының төрағасы Ербол Ержітов, ОҚМПУ Шымкент 2018 жылғы вице чемпины Әли Азизұлы қазылық етіп, ой-



ыншыларға әділ бағаларын берді.

Белсенді, жалынды жастардың қызыққа толы ойындары нәтижесінде:

-Сайрам ауданы-«Ақбұлақ» командасы I орын;  
-Шымкент қаласы-«Самал 3» командасы II орынға;

-Жергілікті команда, Созақ ауданы- «СОЗАҚ БАЙ» командасы III орынға ие болып, Еркін құрама-«Абырой» командасы «Үздік әзіл», Шымкент қаласы - «Мадмуазель» командасы «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталды.

Айта кету керек, барлық

қатысқан командалар мен жүлделі орыннан көрінген командаларға арнайы диплом мен қаржылай сый-сияпаттар табысталды.

Шынайы күлкіге толы, тартысты және көңілді өткен «Созақ КАП» жайдарман сайысын тамашалау ақылы түрде болды. Шығарылған 500 билет толықтай сатылып, одан түскен 500 000 теңге әлеуметтік аз қамтылған отбасыға табысталды.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



# Қызылша ауруының алдын алу тақырыбында брифинг өтті

Жуырда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы М.Әшірепиевтің бастауымен ауданымызда орналасқан мектепке дейінгі және білім беру нысандарының директорлары арасында «Қызылша аурушаңдығының алдын алу» тақырыбында брифинг өткізілді.

Аталған брифингте Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы М.Әшірепиев баяндама жасап, облыс аумағында қызылша аурушаңдығының алдын-алу, эпидемиологиялық жағдайды бұдан әрі тұрақтандыру мақсатында өңірдің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық қызылшаға қарсы іс-шаралар туралы» қаулысы жайлы айтты.

Мұхит Мұраталыұлы өз баяндамасында қызылша ауруының алдын алу жайында сөз етті.

«Қаулы бойынша қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан, 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларға қосымша жаппай иммундау жүргізіледі. 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балалар қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан, жоспарлы тәртіппен – осы санаттағы балаларды қосымша иммундау ҚҚП-ға қарсы вакцина партиясы түскеннен кейін – ҚҚП-ға қарсы вакцина қолданыла отырып 2023 жылғы 5 желтоқсаннан басталады. Қызылшаға қарсы профилактикалық екпелері жоқ, сондай-ақ 2019-2020 жылдары және 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізілген осы инфекцияға қарсы алдыңғы қосымша жаппай иммундау барысында қызылшаға қарсы егілмеген медицина қызметкерлері



мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері. Бұл ретте 6 айлық балаларды қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау қызылшамен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балалар мен медицина қызметкерлеріне 2023 жылғы желтоқсаннан бастап 2024 жылғы қаңтар аралығында жүргізіледі.

Облысымызда 2023 жылдың наурыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін қызылшаға күдікті 984 жағдай тіркеліп, 360-ның диагнозы зертханалық және клиникалық расталған. Оның ішінде 317 жағдай, яғни 88,0% 14 жасқа дейінгі балаларды құрап отыр (2022 ж. тіркелмеген). Аудан бойынша қызылшаға күдікті науқастардың жалпы саны – 69 науқас. Оның ішінде 1 жасқа дейін-15, 1-4 жас-37, 5-9 жас-9, 10-14 жас-2, 15-19 жас-1, 20-29 жас-2, 30 жастан жоғары-3. Оның ішінде мектепке дейінгі ұйымға баратындар 12 балабақшадан 21 бала ауырған. 5 мектептен 7 бала ауырған. 69 науқас-

тың ішінде қан сарысуы Шымкент қаласына жіберіліп зертханалық түрде дәлелденген 15 науқас, 1 науқас клиникалық түрде дәлелденген. 16 науқастың ішінде 1 жасқа дейін-1, 1-4 жас-8, 5-9 жас-3.

Инфекцияның жоғары тіркелуі жалғасып отыр. Жастар құрамы бойынша дертке 4 жасқа дейінгі балалар жиі шалдықса, оның едәуір бөлігін 1 жасқа дейінгі, егу жасына жетпегендер құрайды. Жастарына сәйкес инфекцияның тіркелуі балабақшалар мен мектептерде де орын алуда. Әзірге балалар мекемелерінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес эпидемияға қарсы карантиндік іс-шаралар жүзеге асырылуда. Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 03.04. 2023 жылғы №1 «Түркістан облысында қызылша жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу туралы» қаулысы бойынша мектеп басшылығы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының меңгерушілеріне мектепке

дейінгі ұйымдардың топтарында ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін балаларды жоспарлы профилактикалық екпелермен қамтудың шекті деңгейі кемінде 90% деңгейінде сақталуды және жоспарлы профилактикалық екпелер алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу олардың топтарындағы үлесі 10%-дан аспайтын болған кезде ғана жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді, балалар, жасөспірімдер мен қызметкерлердің арасында инфекциялық аурудың белгілері бар адамдарды уақытылы анықтау үшін «таңертеңгілік сүзгі» ұйымдастырылуын, балалардың қатыспау себептерін анықтау және сырқаттану жағдайлары туралы медициналық ұйымдарға хабарлау арқылы балалар мен қызметкерлердің келуіне күнделікті мониторинг жүргізілуін, профилактикалық егулерді өткізіп алған адамдарды жергілікті емханаға қызылшаға қарсы екпе алу үшін жолдануы талап етіледі.

Қызылша - ауа-тамшы жолдары арқылы тарайтын инфекция, көбіне балалар арасында жиі кездеседі. Адамнан адамға жұғуы өте жоғары. Аурудың жасырын кезеңі 7-21 күнді құрайды. Науқаспен байланыста болған адамдар аурудың соңғы жағдайы анықталған сәттен бастап 21 тәулік бойы күнделікті медициналық бақылауға алынып, иммундық статустары анықталады. Егер 30 жасқа дейінгі қарым-қатынастағылар қызылшаға қарсы егу алмаған болса, 72 сағаттың ішінде егілу қажет. Аурудың алдын алу үшін қызылшаға қарсы екпе алу, бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жасау, халық көп шоғырланған орындарға мейлінше бармау, бетперде тағып жүру ұсынылады.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

## «КҮЗ АРУЫ-2023» байқауы өтті

Күз! Керемет сөз! Бұл жылдың ең әдемі уақыты. Ашық аспан көгілдір болып керемет түске енеді, ауа-райының құбылуымен өрістер мен бақтардың жомарттығы үшін, ормандардың әдемілігі үшін, алтын және қызыл бояумен боялған күзді жақсы көреміз. Жерге түскен жапырақтар бейне бір билеген қыз секілді әдемі көрініс табады.

Жылдың осы бір керемет мезгілінде өзіне тән керемет құбылыстарын көрсету мақсатында ұйымдастырылатын «Күз аруы» байқауының өткізілуі тегін емес. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, бала бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру, әр баланың бойындағы қасиеттерін ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту мақсатында жуырда аудан орталығында орналасқан Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің даярлық тобының оқушылары мен сынып жетекшісі Гүлмира Жайынбаеваның ұйымдастыруымен «КҮЗ АРУЫ-2023» байқауы өтті. Байқау өте жоғары деңгейде өтті. Сынға түскен жеті қыз Асылхан Аяла, Қуаныш-

бек Інжу, Әбдіманап Айда, Елікбай Хафиза, Сабыр Бағым, Дәулет Шұғыла, Мұрат Аянат. Байқаудың бағдарламасы «Ұлттық киіммен сахнаға шығуы», «Өзін таныстыру», «Өз өнерін көрсету», «Өз шеберлігін көрсету», «Тапсырма орындау (киім бүктеу)», «Сәндік күзгі көйлек» сияқты шарттар бойынша аруларымыз сайысқа түсті. Кішкентай жеті аруымыз бір бірінен асып, өз өнерлерін ортаға салды. Осы сайыста Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі даярлық то-

бының оқушысы Қуанышбек Інжу III-орын марапатына ие болса, Елікбай Хафиза мен Мұрат Аянат II-орынды бөлісті.

Барлық талапқа сай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар оза шыққан аруымыз Асылхан Аяла Нұрсұлтанқызы «КҮЗ АРУЫ-2023» тәжін иеленіп, арнайы сыйлықтар және алғыс хатпен марапатталды. Аяла қызымызға әрқашан ақ жол, жарқын болашақ тілейміз! «Ақыл тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен» деген. Қызымыздың білімді, ақыл-

ды болуын тілейміз! Ата-әжесін тек жақсылықтарымен қуанта берсін.

*Ерке қызым алтыным-  
Көркі қазақ халқының!  
Сен туғанда қуанып  
Сен жүргенде балқыдым!  
Білдім болды қанатың,  
Өсті ойың санатың,  
Құтты болсын жеңісің,  
Жалындай бол жанатың.  
Күн нұрындай жарық бол,  
Бабалардай алып бол!  
Ақ бұлақтай мөлдіре,  
Жаңалыққа салып жол!, -  
деп ата-анасы өлеңмен тілек тіледі. Әлия Молдағұлова атындағы жалпы*



орта мектебінің ұжымына, сынып жетекшісі Гүлмира Жайынбаеваға шығармашылық ізденістер тілей отырып, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін, сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін дегіміз келеді. «Ұстаз бақыты – озып туған шәкірті» десе, аттарыңызды әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін деген ізгі ниетімізді білдіреміз.

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.





«Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деп данышпан ақын Абай айтқандай ел ішінде өзінің қарапайым қасиетімен көпшіліктің аузында жүрген кісілер көп емес. Олар халықтың алдына жиі шығып, мақтануды мен мынаны тындырдым, ананы тындырдым деуден де аулақ жүреді.

-Аға, сіз туралы газетке мақала жазайын деп едім, білім саласында ұзақ жылдар қызмет атқардыңыз, еңбегіңізді ел біледі?-дедім. -Сол саланың нағыз майталманысыз ғой. Бірақ сіздің ешуақытта мақтанып, мен мектепті олай басқардым, бұлай басқардым дегеніңізді естіген емеспін,-дегенді қосып қойдым.

Сонымен ағам жайлы жазуға өзіне ескертіп, келісімін алып барып жазуға кірістім. Кейіпкерім-Құрманов Кенжеғұл. Сонау өткен ғасырдың қырық жетінші жылы ақпан айында дүниеге келген. Шаруа адамы Құрманның отбасында кілең қыз ба-

боламын деп армандайтын. Кітап оқуға кішкентай кезінен құштар-тын. Балалар әдебиетінен бастап, қазақ классиктерінің шығармаларын, шетел әдебиетін мектеп қабырғасында жүріп-ақ оқып тастады. Болса да мерзімдік басылымдарды жаздырып алып оқитын. Оқта-текте көңіліне келген ойларын ақ қағаз бетіне түсіріп қоятын. Сол кездерде әдебиетке, өнерге деген қызығушылық ауыл балаларына тән еді. Ақпараттан тек қана газет-журнал, радио ғана бар уақыт. Бала Кенжеғұл көнекөз қариялардың тыңдап, жанынан шықпай солардан көне әңгімелерді таңнан таңға дейін тыңдайтын. Одан жалықпайтын. Қызыға, құлшына отырып, асықпай тыңдайтын. Отбасындағы жалғыз ұлын деп еркелікке беріліп кетпеді. Қол босай қалса, тек кітап қарайтын.

Ол уақытта жоғары оқу орындарына талапкерлер ауылда қалып еңбек етіп, шыңдалып барып оқуға түсетін.



қиын балалар да кездесіп қалып жатады. Мұндай оқушылармен жұмыс жүргізу оңай шаруа емес. Төзімділік, шыдамдылық, жігерлілік, педагогикалық шеберлік керек. Кенжеғұл Құрманов осы қасиеттің бәрін бойына сіңірген мұғалім. Оның дауыс көтеріп, бала жүрегін ауыратын сөз айтқан сәтін кездестірген емеспін. Үнемі жайдары, сыпайы қалпында жүреді. Сонысымен балаларға да ұнағаны кәміл. Нағыз педагогқа тән мінез, адамгершілік биік парасат ол кісінің бойына табиғи қонған. Әріптестері арасында да Кенжекең жайлы оғаш пікір естіген емеспін. Уақыт өте келе білім бөлімінің басшылары тарапынан, оған мектеп директорлығы қызметіне деген ұсыныс түсе бастады. Сөйтіп осы салада тұңғыш рет өткізілген сайланбалы мектеп басшысы қызметіне үміткер болып қатысты. Ұжымның қолдауымен сол кездегі Н.Құрманов атындағы мектепке директор болып сайланды.

## Адалдық қанына сіңген азамат

ла болатын-ды. Кенжесі ұл болғанына атамыз қатты қуанды. Сәрсенкүл анамыздың да жүрегі жарыла шаттыққа бөленді. Ауыл-аймақты шақырып, шілдехана жасады. Алыс-жақыннан ағайындар келіп, құтты болсын айтысты.

Шопан отары Үшкөкшенің құмында отыратын. Жүзген қорада мал қыстататын. Ол кезде қыстың қақаған аязы қатты соғатын. Кигіз үйде ортаға пеш қойылатын. Отбасы мүшелері жағалай отырып, жылынып, тамақтарын ішіп, тонға, көрпеге оранып жата кететін. Мал қыстаудан ақпанның аяғын ала, наурыз айының басында көктемгі төл қораға келіп жайғасатын. Сол кезде малшылар ат арбамен, түйемен көшіп жүретін. Кенжеғұл шопан отбасында дүние есігін ашып, балалық бал күндерін құмда, тауда, Маралбайдың даласында өткізді. Кейде балалық шаққа саяхат жасағанда Кенжекең сол күндердің керемет шақтарын сағынышпен еске алады.

Кейін ауыл балаларымен бірге Құрманның кенже ұлы мектеп табалдырығын аттайды. Әулет үшін бұл үлкен қуаныш болды. Жүректері жарыла қуанды. Ат шаптырып, той жасады. Азамат болды, ат жалын тартып мінді деген ниет тұрды көңілдерінде.

Бастауыш мектепті Қызылкөлде, орта мектепті Құмкент ауылында бітірді. Білім ұясынан ұшқан соң ауылда қалып, шаруашылықта еңбек етті. Ұжымшардың науқандық жұмыстарының барлығының басықтарында жүреді. Жазда шөп дайындауға, күзде күзгі күйек жұмысына, қыста мал қыстатуға, көктемде төл алуға қатысып, еңбекте шыңдалды. Кенжеғұл бала кезінен журналист

Оқу орындарына қабылдану да осындай жағдайда ғана түсу жеңілдеу болатын.

Еңбекпен буыны қатып, өмірлік тәжірибе жинақтаған Кенжекең Алматы шет тілдері институтына түсу үшін жолға шығады. Әсем қала, студенттердің думанды ортасы ауылдан барған жігітке қатты ұнайды. Құжаттарын тапсырып, түсу емтихандарынан ойдағыдай өтіп, студент атанды. Институттың бірінші курсынан бастап, студенттер ортасында беделге ие болады. Талай жұдырығы мықты жігіттерді сабасына түсіріп, талайын өзіне дос етеді. Жатақханада ол уақытта «дедащина» дейтін болатын. Спортқа бейімділігі арқасында ол талайлардың мысын басқан-тын.

Аталған оқу орнында әскери кафедра болмаған соң, ол әскерге шақырылып, оқуын аяқтамай борышын өтеуге аттанады.

Екі жыл әскери қызметті Байқоңыр қаласының маңындағы бөлімде өткізеді. Әскерде шебер жауынгер, тыңғылықты азамат екендігін танытады. Сарбаздардың ортасында біліктілігімен, білімділігімен көзге түседі. Әскери басшылар тарапынан талай марапаттар алып, медальдарды өңіріне қадап, елге оралды.

Аз уақыт тынығып алғаннан кейін өзі бастап оқып кеткен оқу орнына барып, студенттік күндерін жалғастырды. Шет тілдерді мұғалімдері мамандарын дайындайтын оқу орны елімізге танымал білім ордасы-тын. Кенжеғұл білікті де, білімді оқытушылардан дәріс алып, білім көкжиегін, кеңейтті. Шет ел әдебиетінің жауһарларын оқып, санасына тоқыды. Институтта қоғамдық жұмыстарға, спорттық турнирлерге белсе-

не қатысты.

Білімге құштарлық, әдебиетке деген ынтызарлық ауыл жігітін арман шыңына жетеледі.

Сырғыған студенттік күндер зырлап өте шықты. Оқу орнының үздік бітірген жас маманға оқуын әрмен қарай сабақтап, аспирантураға түсуге мүмкіндік болды. Әйтсе де ауылдағы анасының жайы Кенжеғұлды елге оралуға мәжбүр етті.

Алғашқы педагогикалық еңбек жолын Жартытөбе ауылындағы орта мектепте бастады. Келе сала жас шәкірттер тәрбиелеуге білек сыбана кірісіп кетті. Сабақ берудің педагогикалық әдістерін оқу орнында әбден шыңдап келген ол ә дегеннен-ақ оқушыларының жүрегін баурап алды. Дәріс өткізу кезінде бойындағы барлық білімін шәкірттерінің бойына құйып беру- оның басты мақсаты болатын. Аз ғана уақыттың ішінде ол аудандағы озат мұғалімдер қатарына қосылды. Педагогикалық оқуларда жасаған баяндамалары үздік болып танылды. Ол кезде қазіргідей көрнекіліктер қайда? Барлық қажетті құралдарды өзі жасайтын. Ұстаздық қызметінде талай шәкірттерді қанаттандырды. Кейін аудан орталығындағы А.Сүлейменов (Бұрынғы Калинин атындағы) атындағы орта мектепке ауысты.

Бұл кезде тәжірибесі молайып, өз кәсібінің нағыз шебері атана бастаған еді. Талай оқушыны тәрбиелеп, өмірден өз орнын табуына ықпал жасады. Қазіргі кезде сол уақытта оқытқан шәкірттері Кенжекең жайлы жылы пікірін көп айтады. Бұл дегеніңіз шәкірт жүрегіне мұғалімнің ізгі нұр жолын салғандығын айғақтайтын дүние емес пе? Жасыратыны жоқ мектепте тәртібі

Шағын мектепті аудандағы алдыңғы қатарлы білім ошақтарының қатарына қосты. Ұжымға білікті басшы, білімді педагог ретінде сыйлы болды. Бір әріптесіне қатты сөз айтпады. Педагогикалық тәсілмен жұмыс жүргізді.

Ең бастысы педагогқа қажеттісі тазалық болса, сол дүние Кенжекеңнің бойынан табылады. Бір мұғалімді тамыр-таныстықпен, ағайынгершілікпен, тиын-тебен алып қызметке алған емес. Сол тазалығының арқасында кейін Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке басшы болып ауысты. Айта кетуіміз керек ол кісі білім саласындағы былықтардан бойын аулақ ұстады. Нәтижесінде елдің құрметі мен ықыласын иеленді. Атақ, даңққа, марапаттарға да қызық жоқ. Өмірлік жары Әлханова Дариға да аудан, облысқа, республикаға танымал мұғалім еді. Іс-тәжірибесі мол, нағыз педагог-тын. Бірақ бойына жабысқан дерт ол кісіні Кенжекеңнің жанынан ертерек алып кетті, дүниеден озды. Өкінішті-ақ. Ізінде ұлдары қалды. Бұл күнде олар бір-бір шаңырақтың иелері. Отбасыларында ұл-қыздарын өсіріп жатыр. Кенжекең немерелерінің ортасында олардың шаттығына бөленіп отыр.

«Қариясы бар елдің қазынасы бар» дегендей бір әулеттің қазынасы болып, өмірден түйгені мен көңілге тоқығанын ұрпағына гиратор етіп әңгімелеп, отбасының бірлігі мен берекесін келтіріп, тамырын тереңге жіберген алып бәйтеректей ғұмыр кешіп келе жатқан ағамызға ұзақ өмір тілейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

## Облыстық байқаудың Бас жүлдесі Созақта

Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасы мен облыстық «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасының бастамасымен, Сарыағаш аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Сарыағаш қаласында ең көп оқитын оқырман балалар арасында «Әлемді кітап арқылы танымын» атты қорытынды облыстық байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты әлем әдебиетінің үздік шығармалары мен ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, ескелең ұрпақтың кітапқа



деген қызығушылығын арттыру. Ең көп оқитын оқырмандарды анықтау және оларға қолдау көрсету.

Облыстық байқауға облысымыздың аудандарынан он алты кітапханалар оқырмандары қатысып, бақ сынасты.

Созақ ауданынан аудандық балалар кітапханасының оқырманы, А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушысы Сахи

Кәусар Серікқызы барлық шарттан өтіп, үздік нәтиже көрсетіп бас жүлдені иеленді. Түркістан облыстық «Фараб» ғылыми әмбебап кітапханасының директоры Жанат Сәдібекқызы Шардарбекованың атынан Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Қатысушыға қолдау көрсеткен ата-анасына, мектеп ұжымына, сыныптастарына, кітапханашыларға алғыс білдіреміз.

Ғалия МАЙМАҚОВА,  
Балалар кітапханасының  
менгерушісі.





## Домбыра-ұлттық рухани жәдігер

Соңғы кездері теріс діни ағым жетегінде кеткен азаматтар тарапынан қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы домбыраға қарсы шабуыл басталып халық тарапынан үлкен сынға ұшырады. Бір қызығы домбыраны арамға шығаратындар қазіргі кезде ғана емес осыдан бірнеше ғасырлар бұрында болған. Кезінде домбыраны жоққа шығарған Есқали сұпыға Қашаған жыраудың берген жауабы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады. Берісі қазақ халқының әрісі күллі түрік халықтарының рухани мұрасы қасиетті қара домбыра қашан пайда болды әуелі сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Қазақ домбырасының шығу тарихы және оның жасалуы ерте заманнан басталады. 1989 жылы Алматы облысы Қызылжар ауданы Майтөбе тауының басынан профессор С.Ақитаевтың зерттеуімен табылған тастағы әртүрлі қимылдағы билеп тұрған төрт адам сұлбалары мен саз аспабын ұстаған адамның суретіндегі аспапты домбыраға ұқсатқан. Археологтардың пайымдауынша суреттер неолит дәуіріндегі суреттерге ұқсас. Бұл екі ішекті саз аспабы қазақтың домбырасына және қырғыз халқының қомызына ұқсайды деседі. Қазіргі таңда суреттер қашалып салынған тас Алматы қаласындағы ұлттық аспаптар мұражайында сақтаулы тұр. Зерттеушілер тарапынан тасқа қашалған сурет осыдан 2 мың жыл алдын салынған десе енді бір зерттеушілер 4 мың жыл алдын салынған дейді. Қалай десеңіз домбыра осыдан бірнеше мыңдаған жылдар алдын пайда болған. Қазіргі таңда түркімен, қырғыз, өзбек, қазақ және басқа да түркі тектес халықтардың ортақ музыкалық аспабы. Олардың жеке ел болмай тұрып, жалпы түркі елі болып тұрғаннан бастап пайда болған. Домбыраға ұқсас саз аспаптары ғылымда тамбурлық шертпелі хордофондар болып бөлінеді. Олар Еуразияның барлық аймақтарына кең тараған түрлері: тәжікте – думрак, өзбекте – думбыра, думбрак, қырғызда – комуз, түрікменде – дутар, баш, думбыра, башқұртта – думбыра, ноғай халқында – домбыра деп аталады.

Қазақ домбырасы қазіргі таңда Қазақстанның барлық аймақтарында кең тараған. Осыған байланысты А.Жұбанов: «Керегесінде домбыра ілінбеген киіз үй көп кездеспейді», – жазады. Домбыра туралы өнертанушылар: «... ешқандай саз аспабы жеке болсын, топпен болсын

домбырамен бәсекелес бола алмайды. Олардың ішінде домбыра сияқты айналасындағылардың бар ықыласын тек өзіне аударып, тағзым еткізетіні жоқ. Осының себебі, бәрінен бұрын, өте кең айналымдағы және халықтың жан дүниесін тебіреніп алатын бір бөлігі іспеттес күйлер тек домбырада ғана орындалады», – деп қорытынды жасайды.

А.Мұхамбетова «XX ғасырдағы қазақтың дәстүрлі музыкасы» атты еңбегінде домбырамен ойналатын музыкалық орындаушылық аспаптың құрылымына қарай «төкпе» және «шертпе» болып бөлінетінін жазады. Төкпе – Қазақстанның батыс аймақтарына тараған түрі. Ал шертпе – еліміздің шығыс және оңтүстік аймақтарына тараған. Бұлардың өзара айырмашылығы олардың ойнау деңгейінде емес, генетикалық немесе сол аймақтық жеріне, тұрғындардың салт-дәстүрінің дамуына, сол халықтың мінезіне де байланысты сипат беруі мүмкін. Кезінде қазақтар домбыраның ішегін қойдың не ешкінің ішегінен жасаған. А.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты кітабында 1939 жылы Дина Нұрпейісова Мәскеу қаласына бірінші бүкілодақтық ұлттық музыкалық аспаптар байқауына қатысады. Сонда Мәскеуде кепкен кетгуттың қаншасын сатып аламын десең де еркің дегеніне қарамастан, Дина апамыз ешкі әкеліп соуды талап етіп, ешкінің ішегінен өзі домбыраға ішек жасаған екен.

Домбыра тек көңіл-күйді көтерер тек музыкалық аспап ғана емес халықтың жады. Өшпес мұрасы. Ар-ожданы, иманы. Халықтың өткен тарихын еске түсіруші абыз-ақсақалы. Тарихымызда ел қорғаған баһадүрлердің тарихын таңнан-таңға жеткізген жыршының айнымас жолдасы. Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббатын толғаған ғашықтық дастанын халық арасына жеткізген қасиетті қара ағаш. Сол уақыттарда халық арасына имандылықты жырмен жеткізген діни аңыз, қисса дастандардың иесі. Атадан балаға қалған мұра. Демек қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихын көзбен көріп келген бұл қара ағаш жай ғана музыкалық аспап болмаған. Жалаң діншілдікке ұрынып өз тарихымызды жоққа шығарып алмайық.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

## Деструктивті діни уағызшылардың қоғамға қауіптілігі

Дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті діни ағымдар деп атайды. «Деструктив» деген сөзге талдау жасасақ, терминдік мағынасы бойынша бұл сөз латын тілінен «destructio», яғни бүлдіргіштік, залал тигізуге ұмтылыс, нәтижесіздік деген мағыналарды береді.

Деструктивті діни ағымдар – адамдардың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін діни ағымдар. Олардың ортақ сипаты – діни ілімнің ақиқаттылық деңгейінен емес, оған мүше адамдардың қоршаған әлеуметтік ортадан оқшаулануы мен жетекшілік еткен азаматтарға көзсіз бағынуынан көрінеді. Ағым мүшелеріне

жағдайда олар жастарға «сенімді дос» болуға тырысады. «Жастарға қолдау көрсетеміз» деген ұранмен жас еспірімдерге арналған спорттық жарыстар, түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Қамқорлықтың астарында деструктивтік бағыттағы уағыздар мен сананы улау жатады.

Бүгінде ғаламтор желісінде діни уағызшылар мен насихатшылар тобының артқаны байқалады. Олардың ішінде дұрысы да бұрысы да бар. Енді бұларды қалай ажырата аламыз?

– Біріншіден, дінді мешіттен немесе арнайы діни оқу орындарына барып үйренген дұрыс. Кейін ҚМДБ мақұлдаған дін уағызшыларын ғана таңдау керек.



өздерінің рөлінің, доктринасының ұйғарымдарының ерекшеліктерін мойындауға талпынады. Тіпті, өздерінің істеген істерін және сөйлеген насихат сөздерін дәлелдеу мақсатында қасиетті кітаптар мен хадистерден мысал келтіріп, жастардың санасын улап, жат идеологиясын таратады.

Қазақстандағы деструктивті діни ағымдардың тарихы да бірдей емес. Олардың кейбірі белгілі бір уақытта жұмысын тоқтатса, екіншісі атауын, типін өзгертіп тарих сахнасына қайта шығады.

Қазіргі қоғамда дінге бет бұрған жастар көп. Солардың кейбірі ислам дінін әртүрлі уағыздап жүрген экстремистік ұйымдардың ықпалына түсіп қалып жатады. Діни сауаттылық болмағандықтан буыны беки қоймаған бозбалалар мен бойжеткендер арам пиғылдардың сөзіне ұйып, артынан ереді.

Дінге қызығушылық білдірген азаматтардың басым бөлігі қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінде іздейді. Бұл көрсеткіш еліміздегі жастардың басым бөлігі діни сауатын ең алдымен ғаламторда ашатынын көрсетеді. Яғни қазіргі ғаламтор сайттары, видеохостингтер, әлеуметтік желілер, блогплатформалар және басқа да байланыстырушы медиа құралдары әлемде жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптердің туындауына септігін тигізуде. Сол себептен интернеттегі, не болмаса түрлі әдебиеттердегі ақпаратты саралай білген жөн.

Жат діни ағым өз уағыздарында бұрмаланған әр түрлі діни дәйексөздерді келтіре отырып, өздерінің жолын әділ әрі ақиқат етіп көрсеткісі келеді. Алайда бейбітшілік пен бауырмалдылыққа үндейтін шынайы діни сенімде адамдарға злымдық пен әділетсіздік танытуға, нақақтан-нақақ жан иесін өлтіруге жол берілмейді. Бұл қағидаттар киелі кітаптарда тайға таңба басқандай жазылған.

Теріс ағымдағы ұйымдардың басты құралы – халықтың сеніміне кіру. Көп

– Екіншіден, дәстүрлі діни уағызшылардың бейнероликтері, үгіт-насихаттары muftuat.kz, kazislam.kz, muslim.kz сияқты т.б. сайттарда жүктеулі тұр. Қалаған уақытта сол сайттарға кіріп имамдардың және сол уағызшылардың уағзын тыңдай аласыз.

– Үшіншіден, шет мемлекет азаматтарының уағыздарын тыңдауға сақ болу керек. Бұлардың қатарына тек шетел азаматтары емес, діни көзқарастары үшін Қазақстан жерінен депортацияланған азаматтар да кіреді. Өйткені кейбір адамдар сыртта отырып дін атын жамылып ел ішіндегі тұрақтылықты бұзуды қалайды.

– Төртіншіден, деструктивті діни ағымның уағызшылары ғаламтор кеңістігін тиімді пайдалана отырып, жалған ұрандарымен дінді бұрмалап, жастарға ықпал етудің түрлі жолдарын жасайды. Ал, шынайы діннің мазмұнын әлі жете түсініп үлгермеген жастар ғаламторды «көзіп» жүріп ұрынып қалуы да мүмкін. Мұндай жалған ақпараттарға ұрынбау үшін ішкі сүзгіден өткізетін рухани, мәдени сананы қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда білмегенді сұрауды, ізденуді, салыстыруды және оқып-талдауды тоқтатпағанымыз жөн.

Қорыта келе еліміздің ақпараттық кеңістіктегі түрлі діни сайттардың жұмысын қадағалауды күшейтумен қатар балабақшалардан бастап, тұлға ретінде қалыптастыру, мектеп қабырғасында тілімізді, мәдениетімізді қас-терлеуге, жоғарғы оқу орындарында ұлттық құндылықтарымызды тереңдете игеру жолдарын қарастыру керек. Тек осы қағидаларды бойымызға сіңірген жағдайда ғана осындай теріс пиғылды діни психологиялық бассыздықтарға тосқауыл қоя аламыз.

**Айдана СЕЙДУЭЛІ,**  
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.



**Түзетіліп оқылсын**

«Созақ үні» газетінің №87 (9160) сәрсенбі, 29 қараша, 2023 жылы 6-бетте жарияланған «Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің 43-1-бабына сәйкес, Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің тізбесі» атты аудандық жер қатынастары бөлімінің хабарламасы өзгертулер мен толықтыруларға байланысты төмендегі мәтінде түзетіліп оқылсын.

## Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созацкому району

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созацкого района» акимата Созацкого района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 23 января 2024 года, 10-00 часов село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №40, здание аппарата акима Созацкого района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 28 декабря 2023 года до 22 января 2024 года (заканчивается 22.01.2023 год 18-00 часов) село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №16, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созацкого района» акимата Созацкого района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалификация специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 23.01.2024 года до 10-00 часов». (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 24.01.2024 года.

## СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2024 жылы 23 қаңтар сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №40 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2023 жылдың 28 желтоқсанынан 2024 жылдың 22 қаңтарына дейін (22.01.2024 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурсның ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агро-технологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурсның ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 23.01.2024 жылғы сағ 1000- ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 24.01.2024 жыл.

## Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес, Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	Жайылым	1000	Созақ	Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң	7,0	егін шаруашылығы	49
2	жайылым	50	Шолақорған	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
3	Жайылым	1000	Қаратау	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
4	Жайылым	1000	Созақ	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
5	Жайылым	466	Қарақұр	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
6	Жайылым	500	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
7	Жайылым	2500	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты	6,0	мал шаруашылығы	49
8	Жайылым	2845	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	6,0	мал шаруашылығы	49
9	Жайылым	6500	Қарақұр	Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм	6,0	мал шаруашылығы	49
10	Жайылым	2500	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
11	Жайылым	2500	Құмкент	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
12	Жайылым	2500	Құмкент	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
13	жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
14	Суармалы егістік	2	Сызған	Шалғынды қоңыр сортаң суармалы ауыр сазды	51,0	мал шаруашылығы	49
15	Жайылым	1227	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
16	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
17	Жайылым	1500	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
18	жайылым	500	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
19	Жайылым	397,8	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
20	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
21	Жайылым	568	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	17,0	мал шаруашылығы	49

(Жалғасы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

22	жайылым	2000	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
23	жайылым	1135	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
24	Жайылым	1500	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	49
25	Жайылым	2800	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	5,0	мал шаруашылығы	49
26	Жайылым	56	Шолаққорған	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
27	Суармалы егістік	16,6	Созақ	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	6,0	мал шаруашылығы	49
28	Жайылым	1000	Қарақұр	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	8,3	мал шаруашылығы	49
29	Жайылым	5000	Қаратау	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	7,0	егін шаруашылығы	49
30	Жайылым	2000	Қарақұр	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	7,0	егін шаруашылығы	49
31	Жайылым	1000	Жартытөбе	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
32	Жайылым	1000	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
33	Жайылым	1500	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
34	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49

Суармалы егістік 18,6 га, жайылым 50409,8 га: Барлығы 50428,4 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудандық жер қатынастар бөлімі.

## Сексеуілді сиретпейік

Табиғи ресурстар арасында сексеуіл алқаптарының халық шаруашылығында және қоршаған ортаны қорғауда алатын орны өте зор.

Сексеуіл топырақтың, қардың суыруына тосқауыл болады, ылғалдықты жақсы сақтайды, жайылымдық жақсартады. Сонымен қатар, ол аймақта жабайы аңдар: түлкі, қоян, қарсақ т.б. тұрақтайды, құстар да солай.

Сексеуілді екеннен кейін суару т.б. күтімді керек етпейді, тек малдың таптауынан қорғау керек. Қазіргі уақытта табиғаттың осындай бағалы байлығын пайдаланушылар жеткілікті. Сондықтан сексеуілді барынша қорғау-табиғатымызды қорғаумен тең екенін естеріңізге саламыз.

Сексеуіл ерекше қорғауды қажет етеді. Себебі, еліміздің орман қорының 40%-ын құрайтын сексеуілге көз тіккендер азайтын емес. Мамандар сексеуіл алқаптары кеміген үстіне кеміп барады деп дабыл қағуда. Сексеуіл ағашын кесуге тыйым салынған. Осылайша Үкімет сексеуіл алқаптарын кеңейтіп, жойылу алдында тұрған бағалы ағашты сақтап қалмақ. Өте сирексіп қалған сексеуілді қолдағы бар ұрығынан өсіріп, жаңа алқаптарын жасау қолға алынды.

Бекжан ШЫЛМАНБЕТ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

## БЖЗҚ

### Зейнетақы жинақтары бір жыл ішінде 3 триллион теңгеден астам сомаға ұлғайды

БЖЗҚ-ның 2023 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша негізгі көрсеткіштері

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы жеке шоттарында 17,2 трлн теңгеден астам қаражат жинақталды. Бір жыл ішінде зейнетақы жинақтары 3,1 трлн теңгеден астам (немесе 22,1%) мөлшерге өсті. Жыл басынан бергі өсім шамамен 2,6 трлн теңге (17,5%).

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,78% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан. 2023 жылдың 1 қазанына МЗЖ көлемі бір жылда 21,9% ұлғайып, 16,67 трлн теңгеден асты. Жұмыс берушілер зиянды және қауіпті кәсіптер қызметкерлерінің зейнетақы шоттарына төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы өткен жылдың 1 қазанынан бастап 30,1%, ағымдағы жылдың басынан бастап 23,4% ұлғайып, 549,58 млрд теңгеге жетті. Жылдық ең жоғары өсімді (59,3%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі 4,92 млрд теңге.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Жарамсыз деп танылсын

Алтынбеков Жақсыбек Укайшаұлының иелігіндегі 2012 жылы шығарылған «Газ 3302-2288» маркалы автокөлігінің «KZ 509 FPB/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Филиал АО «Волковгеология» ГРЭ 7» иелігіндегі 2007 жылы шығарылған «Маз 938660-043» маркалы тіркеуші құралының «3494 ХС» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Филиал АО Волковгеология Геологоразведочная Экспедиция №7 иелігіндегі 2011 жылы шығарылған «Маз 938662» маркалы тіркеуші құралының «1137 XD» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жер ана – табиғаттың байлығы баршамызға ортақ. Өйткені тау мен тас, өзен-көл, шүйгін шабындық, ну орман, алуан өсімдікті дала алқабы тіршіліктің көзі болып табылады. Ата-бабамыз қоныс еткен осынау киелі даланы көздің қарашығындай сақтау – әрбір

байлығы. Бұрынғы көшпелі заманда қазақ халқы үнемі отын үшін пайдаланған.

Ол уақытта отынның басқа түрлері: көмір, газ, сұйық отындар болмады. Сондықтан көшпелі ел отын үшін қысы, жазы сексеуілді артып жүрген.

## Табиғат-тал бесік

саналы азаматтың борышы деп білеміз.

Ауданымыздың шөлейтті даласындағы құм төмпелерінің көшкінін кісендеп, адырлардың топырағын эрозиядан сақтап, елдімекендерді дауылдан қорғайтын сексеуіл екені баршаға аян. Теріскейде осы бұтаның айрықша ақ және қара түрлері кездеседі. Қызуы қуатты болғандықтан, жергілікті тұрғындар сексеуілді жылдар бойы отын ретінде пайдаланып келген.

Сексеуіл-табиғаттың баға-

Міне, сол сексеуілдің қазіргі заманда да қажеттілігі кеміген жоқ. Қазір не көп, базар көп, әр қалада, аудандарда базарлар бар. Солардың барлығында кәуап пісіретіндер, ауылда үйлерін пешпен жылытатындар, самаурын қайнатып, шай ішетіндер оны пайдаланады. Бұрын ел оны қолмен сындырып алушы еді, қазір трактормен тропен тартып сындырып, сексеуіл есіп тұрған аумақты қопарып, ол жерде өсіп тұрған басқа өсімдіктерді де құртып жа-

тыр. Олар табиғатқа қаншалықты зиян келтіріп жатқанын еске алмайды.

Қазір сексеуіл алқаптарын Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің мамандары торуылдайды. Сексеуіл алқаптарына Созақ орман және жануарлар

әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің басшылығы жиі келіп тұрады. Өйткені, 330 мың гектар аумақты қамтыған шаруашылық аудан орталығы Шолаққорғаннан 250 шақырымда орналасқан. Шалғайдағы орман алқаптарын күзету оңай шаруа емес.

Жасұлан ТАҒАТОВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

## Айналамызды ластамайық

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Қанат АБЕНОВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің аға орманшының көмекшісі.

## Орманды өрттен қорғайық!

Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі-сөндірілмей қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады.

Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығаш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанармаймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Бекнар ЕРЛАНҰЛЫ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің күзетші-қорықшысы.



Сонау жылдары ел қариялары әңгімешіл еді. Олар басынан кешкен оқиғаларын, көрген-білгендерін жиындарда, басқосуларда шертетін. Төңірегіндегілерін ұйытып, сыр сандығын ашатын тұғын. Сондай көне-көз қариялардың қатарынан шежіреші, күйші, ақын, ұлағатты ұстаз, сөз сергері Файзулла Үрмізовті көретімін. Әңгімешілдігіне тәнті болатымын.

Бірде бір үлкен жиында қарияларға қызмет жасап, қолдарына су құйып, шөйін алып келіп, қастарына отырдым. Жиналғандар әр тақырыпта сөз өрбітіп жатты. Тыңдап отырмын. Бір кезде әңгіменің тізгінін Файзулла көкем алды. Кәдуілгі мөлдір бұлақтың суындай таза көңілмен ол сөз тиегін ағытты. Әңгімесі ұзақ тау екен. Қатарында отырғандар біраздан соң, жәйлап-жәйлап шығып кете берді. Ал көкем әңгіменің қызығына кіріп кеткен. Әлі сырғытып айтып отыр. Бірталай уақыттан кейін қара-



хаттанып күліп алды. Мұқаң қос қыранға қызығып қарап тұрды. Бір мезетте әкем: -Мұқа, мына қос қыранның біреуін сізге сыйладым., алып кетіңіз,- деді. Мұқаң: -Әлі балапан екен. Өссін, жетілсін. Келесі сапарда алармын,- деп әкемнің қолын қысып, рахмет айтты. Осы кезде көлік жақын келіп, қонақтарды қабинасына отырғызып, орнынан қозғалды. Әкей көлік көрінбей кеткенше ізінен қарап тұрды.

Жазушылар кеткеннен кейін әкем әлгі Мұхтарға атаған балапанға қасындағыдан гөрі көп көңіл бөліп, қарады. Келген кісілерге: -Бұл Мұхтар інімнің қыраны,- деп мақтанып жүрді.

Келесі жылы Мұхтардың қыраны әжептеуір өсіп, қанаты қатайып, арақидік биікке көтеріліп, ұшып келетінді шығарды. Қария оны күнделікті қырға шығарып, қоян-қарсаққа да салды. Балапан қыран үлкейіп, қанаттанып, түлеп алды.

# Үрмізі қарияның бүркіті

сам менен басқа тірі жан қалмапты. Міне, Файзағаң бала мінезді осындай кісі болатын. Сонда да тоқтамайды ғой жарықтық.

Бір алқалы жиында өзінің әкесі Үрмізі қария жайында сыр тарқатып еді. Ол әңгімесін: -Біздің әкей өте әңгімешіл, саяткер, сегіз қырлы, бір сырлы кісі болатын,- деп бастады.

-Қолынан келмейтін ісі болмайтын. Зергерлігі де бар-тын. Неше түрлі әшекей бұйымдарын жасайтын. Сондай-ақ ат абзелдерін де өзі қолдан жасап, оны керемет етіп өрнектеп, сәндейтін. Тартпа, өмілдірік, жүген, ноқта, шідер, тұсау, шылбыр өретін. Қамшыны да сабын тобылғыдан кесіп алып келіп, саптайтын. Өзі өне бойы Құмкент кеңшарының штабында қарауыл болды. Бұл жерге кімдер келіп, кімдер кетпейді. Барлық кісінің оябын тауып, көңілінен шығатын. Көбінесе шопандар осында бас қосатын. Олар келген сайын әкеме ат абзелдеріне, арба жасауға, үй бұйымдарын жасап беруге тапсырыс береді. Әкем арбаны да өте шебер жасайтын. Шопандар үшін арба көшіп-қонуға керекті көлік. Ат абзелдері болса да күнделікті қажет. Шопандар келген сайын: "Үреке, сізге сәлем бере келдік"-деп базынасын айтатын-ды. Әкей ешқайсысына болмайды деп айтқан емес. Берген тапсырыстарын орындауға тез кірісіп кететін-ді. Сосын аяқ киімдерді де өңдеп, қалыпқа салып, тіге беретін. Киіз байпақты қолдан жасап, тігетін. Аңшылық қасиеті бір төбе еді. Түз тағылары: -қарақұйрық, ақбөкен, қоян, қасқырдың жас төлдерін қолға үйрететін. Әр қайсысына арнап тордан үйшік жасайтын. Барлығын баласындай мәпелеп, асырап, бастарына шыбын қондырмай өсіретін. Әсіресе ақбөкеннің құралайын еркелетіп, сылап-сипап отырушы еді. Бұл жарықтық өзі де тым сүйкімді ғой. Сол "Қобыланды" штабына көрік беретін жануарлар. Бүкіл кеңшардың қыстық азығы шөп-жем осында жинақталатын. Кеңшар басшылары да, шопандар да мұнда ат басын бұрмай өтпейтін. Сол кездерде көбісі әкейдің әңгімесін тыңдауға келеді. Ол кісі әңгімені өте шебер айтады. Кейде тіпті ас үстінде бір әңгіме басталып кетсе, әкей сол әңгімені біткенше табаққа қол сал-

майтын. Сол сәтте үйме табақ ет те таусылып үлгереді. Әкей болса, айранға нан турап жеп отыратын. Бала мінезді еді, жарықтық. Ол кісіде біреуді алдау-арбау деген болмайтын. Таза, кірпияз, жүрегі ақ кісі-тін. Үйге кісі келсе, балаша қуанатын. Анамыз ас-суын әзірлеп, дастарханын жаятын. Сол уақыттағы кісілердің меймандостығына, кеңпейілділігіне қайран қаламын. Ешкімді жатырқамай, ақ пейілдерін ұсынып тұратын. Есіктеріне құлып салмайтын заман-ай, шіркін!

Әкемнің саятшылығы ерекше-тін. 1959 жылы заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің Оңтүстікке сапарында біздің үйде болған. Әкеймен әңгімелесіп, сырласқан. Сол кезде әкей Қобыланды қыстағында отыратын. Кеңшар басшылары көнекөз қариялар, көпті көрген, саятшылығы мықты деп, әйгілі қаламгерді біздің шаңыраққа ертіп келген. Ұмытпасам қасында партком хатшысы мен кеңшар директоры болды.

Әкей үйдің маңында оны-мұны шаруасын жасап жүрген. Үйдің сыртына келіп сары "Уазик" автокөлігі тоқтады. Әкем әлгі көлікке қарай жүрді. Көліктен маңдайы жарқыраған, зор денелі кісі және әлгі кеңшар басшылары түсті. Әкем маңдайы жарқыраған кісіге сәлем беріп, құшақтасып, амандасты. Директор мен партком да қарияның қолын алды. Төртеуі үйге қарай келе жатты. Мен аңтарылып тұрып қалдым. Шынында сол жазушының өзі ма, деп қарап қоям. Бұрын газет-журналдан, кітабынан көріп жүрген кісім. Дәл соның өзі ғой деп топшылады.

Кісілер үйге кіріп, дастарханнан дәм татты. -Мынау жас қашардың айраны ғой,- деді қою айраннан ұрттап отырып. -Иә,- деді әкей. Жазушыға мейірлене қарап. Расында айран жас бұзаулаған қашардың сүтінен ұйытылған айран еді. Сонда Мұқаңның сезімталдығына тәнті болдым. Айран ішті де, қонақтар сыртқа шықты. Есіктің алдында тордан шыққан бөкеннің лағы жемін шашып ойнап жүр екен. Әкей: -Мына бұзықты-ай,- деп еді. Мұқаң: -шаша берсін, ойнай берсін! Бала ғой,- деді жүзінен нұр төгіліп. Жазушы:

-Әлгіңде үйде ілулі тұрған домбыра, қобыз, саз сырнай, сыбызғыда

кім ойнайды,- деді парторгқа қарап: -Мұха бұл аспаптың бәрінде Үрмізі қариядан бастап, балаларының барлығы ойнайды,- деді, жедел жауап беріп. Мұқаң: -Дала оркестрі осында екен ғой,- деді де біздерге сүйсіне қарап қойды. Әкем: -Кемпір-ай, домбыраны алып кел,- деп домбыраны алдырып, үлкен сексауылдың үстіне отырып, өзінің күйін төгіп-төгіп жіберді. Мұқаң сүйсіне қарап тұрып: -Енді мына балаңыздың өнерін көрейік,- деп назарын маған аударды. Мен де домбыраны бебеулетіп күйімді шертіп жібердім. -Ой, пәлі! Жарайсыздар,- деп жазушы сүйсіне қол соқты. -Өнерлеріңіз өрге жүзсін! Керемет! Жарайсыздар,- деп шын жүрегімен ризашылығын білдірді. Әкеймен жарты сағаттай отырып, әңгімелесті. Бір кезде торда тұрған бүркіттің балапандарына жазушы қарап тұрып: -Қолға үйретіп отырсыз ба?,- деді. Әкей: -Иә, Мұқа- деді жадырай күліп.

-Бұл балапандарды Бүркіт қариядан алып келдім,- деді әңгімесін сабақтап. -Осы жерден 6-7 шақырымдай жерде Құмның қиясы бар. Өзі өте биік. Сонда барып алып келдім. Ол жерде жүру мүмкін емес. Тек жоғарыдан адамды арқанмен түсіру арқылы ғана жақындауға болады. Мына Қамбар немеремді қасыма ертіп барғанмын. Қияға осы баламды бөліне арқан байлап түсірдім. Арқаның бір ұшын сексауылдың түбіне байлап, немеремді төмен қарай жібердім. Құз қия терең. Егер арқан үзілсе, баламды үлкен қауіп күтіп тұр. Содан жәй-жәй жылжып немерем бүркіттің ұясының тұсына барды. Бұл жерде жүректілікте көрек болатын. Соны немерем орындады. Ұядан екі балапанды алып, Қамбар оларды қойнына тығып, алып келді. Екеуі де сарыауыз болатын. Қанаттары қатая қоймаған екен. Сөйтіп Қамбар немерем екеуімді Бүркіт қиядан олжамен қайттық. Қос балапанды алып келген соң үйде жемдеп бақтым. Алғашында тарының дәнін бердім. Кейін келе бидай, сосын ептеп ет бөлшектерін бере бастадым. Біртін-біртін қанаттары қатая бастады. Шәңкілдеп дауыс та шығарды. Сөйтіп қолға үйреніп, шәңкілдегенінде қойды. Міне сол қырандар Мұқа мына балапандар деп әкем ра-

Келесі жылы өкінішке орай Мәскеуден Мұхтар Әуезов қайтыс болды деген суық хабар жетті. Радиодан естіген бойда әкей қатты ауырып, жатып қалды. Мұхтар інісінің қазасы қарияның қабырғасына қатты батты. Асқа тәбеті болмай бір айға дейін дел-сал болып жүрді де қойды.

Бір күні Мұхтарға атаған бүркітін далаға шығарып, томағасын сыпырып алды да: -Ал, қыраным, биікке самғай бер! Енді егең жоқ. Көк жүзіне еркін қалықта!-деп ұшырып жіберді,- деп Файзулла көке ұзақ ойланп отырып қалды. Файзағаңның мұнан да бөлек сыр-толғауларын тыңдағанмын. Оларының бәрі бір-бірінен өткен қызық. Ф.Үрмізов жоғарыда айтқанымдай өте зерек, ұғымтал, көрген оқиғасын ұмытпайтын кісі еді.

Сонау кездері ол кісі бірталай жыл автоклуб меңгерушісі болып қызмет істеді. Сонда малшылардың ауылын көп аралайтын. Қасындағы кинохания кино қоятын да Файзағаң күйін шертіп, малшылардың көңілін көтеретін. Бір өзі отырып, таңға дейін концерт қоятын. Тыңдаушысын жалықтырмайтын. Орындаған күйінің тарихын айтып, ұзақ таңда күй толғайтын. Төкпе, шертпе күйлерді керемет орындайтын. Кейде көрші отырған Жартытөбе, Тасты, Шу кеңшарларының шопандарына концерт қоятын.

Файзағаң келе жатыр десе шопандар қатты қуанып әңгімесін, күйін тыңдауға асығатын.

Кейін жұмысты қойып, зейнеткерлікке шыққан кезде Шолаққорғанға жиі келіп тұрды. Келген сайын редакцияға соқпай кетпейтін. Жазған-сызған дүниелерін алып келеді де редакцияға тапсырады. Талай мақала, өлеңдерін, толғауларын газетке жариялап тұрды. Ол кісінің қолтаңбасы яғни почеркісі өте әдіме тұғын. Газет термешілері Файзағаңның жазғандарын жазудан қиналмайтын. Бірден алып жаза беретін.

Кейде Файзағаң редакцияға келіп кіргендей әсерде боламын. Шіркін, Файзаға! Сіздің нұрлы жүзіңізді, тағылымды әңгімелеріңізді сағындық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**

**Редакция құрамы:**  
Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріміші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.